

Әйтеке би ауданының білім
бөлімі ММ басшысы:
С.Биртаева

Thompson

« 09 » 2024 ж.



« Байжанкөл бастауыш білім

беретін мектебі» КММ басшысы:

С. Ермагамбетов

« 99 » 2024 ж.



2024 – 2025 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылына арналған ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ

ТҮСІНІК ХАТ

2024-2025 оқу жылында ерекшеліктердің бірі оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-4 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

«Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;

«Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;

«Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

Бастауыш мектептегі ҰОЖ өзгерістері 2024-2025 оқу жылының 1-сыныбынан білім алатын білім алушыларға қатысты. ҰОЖ өзгертулер кезең-кезеңімен енгізіледі:

1-сынып – 2023-2024 оқу жылы;

2-сынып – 2024-2025 оқу жылы;

3-сынып – 2025-2026 оқу жылы;

4-сынып – 2026-2027 оқу жылы

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

1-сыныпта – 1 сағатты;

2-сыныпта – 2 сағатты;

3-сыныпта – 1 сағатты;

4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат пен домбырада ойнау сабақтарына бөлу ұсынылады.

Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебі» 2024-2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2024 жылғы 30 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебі КММ-нің мектепалды даярлық сыныбында – 2 оқушы бар.

Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебінде барлығы – 13 оқушы бар.

Класс комплектілер саны - 3

Бастауыш білім беру деңгейінде класс комплекті саны - 4

Біріктіріліген сыныптар: 2-3.

Оқыту тілі- қазақ . I,II ауысымда. 5 күндік оқу жүйесімен оқытылады. Сабақтың ұзақтығы-45 минут.

**«Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары:**

1) 1-4- сыныптарда білім беру процесі:

- ✓ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

Бастауыш білім беру бағдарламасынегізінде 1-2-3-4- сыныптар үшін вариативтік компонент бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға төмендегідей сабақтар бөлінді.

Клас ы	Курс атауы	Сағат саны		Вариативтік компонент	Мақсаты
		Апта лық	Жыл бойы		
1	«Логикалық есептер»	1	33	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Баланың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында өз әрекетімен іздену, іс-әрекетімен көрсету өзіндік білім алуға талпындыруға бейімдеу.
2	«Спорт денсаулық кепілі»	1	34	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Баланың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында өз әрекетімен іздену, іс-әрекетімен көрсету өзіндік білім алуға талпындыруға бейімдеу.
2	«Тәрбие тал бесіктен»	1	34	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Баланың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында өз әрекетімен іздену, іс-әрекетімен көрсету өзіндік білім алуға талпындыруға бейімдеу.
3	«Математика және логика»	1	34	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Математикалық білімдерін өмірде қолдануға және осы тұрғыда логикалық ойлау қабілетін жан-жақты дайындау
4	«Тәрбие тал бесіктен»	1	34	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Баланың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында өз әрекетімен іздену, іс-әрекетімен көрсету өзіндік білім алуға талпындыруға бейімдеу.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2-3		4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	6	11	11	34	1150
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-		6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3		3	6	204
4	Орыс тілі	-	2	2	2	6	204
5	Шетел тілі			2	2	4	136
	Математика және информатика	4,5	4	6	6	20,5	692,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1		1	2,5	84,5
	Жаратылыстану	1	1	1	2	5	169
8	Жаратылыстану	1	1	1	2	5	169
	Адам және қоғам	1	1		1	3	101
9	Дүниетану	1	1		1	3	101
	Технология және өнер	3	3		2	8	269
10	Музыка	1	1		1	3	101
11	Көркем еңбек		1			1	34
12	Еңбекке баулу	1	1			2	67
13	Бейнелеу өнері	1	1			2	67
	Дене шынықтыру	3	3		3	9	303
14	Дене шынықтыру	3	3		3	9	303
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	25	25	79,5	2684,5
			36				
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	3		1	5	169
Спорт денсаулық кепілі			1			1	34
Математика және логика (Логикалық есептер)		1		1		2	67
Тәрбие тал бесіктен			1		1	2	68
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	26	26	84,5	2853,5
Біріккен оқу жүктемесі		39					